



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№10 (866) Сәрсенбі 6 наурыз 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



«ТАҢ» АУЫЛЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, «Таң» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.

Алдымен аймақ басшысы ауылға кіреберіс жолдың бойындағы жобаларды көрді. Елді мекенге «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізінен кіреберіске дейін ағаш отырғызылған. «Таң-Жанақоныс», «Таң-Самұрат» автомобиль жолдары мен «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту жұмыстары пысықталды.

Айта кетейік, «Таң LTD» ЖШС ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, бірқатар маңызды бастамаларды іске асыруда. Ауыл тұрғындарына арналған екі пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілетін болады. Сондай-ақ кәсіпорын 3 өндірістік базаны іске қосып, жана жұмыс орындарын ашуды жоспарлауда. Қазір шаруа қожалығының иелігінде күріш ақтау зауыты мен ет өңдеу цехы бар.

Күріш ақтау зауыты 5 жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна өнім өндуге қауқарлы, мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019

жылы ауылдық округке қарасты «Жанақоныс» елді мекенінде «Агролидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы ашылған.

Алдымен аймақ басшысы ауылға кіреберіс жолдың бойындағы жобаларды көрді. Елді мекенге «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізінен кіреберіске дейін ағаш отырғызылған. «Таң-Жанақоныс», «Таң-Самұрат» автомобиль жолдары мен «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту жұмыстары пысықталды.

Айта кетейік, «Таң LTD» ЖШС ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, бірқатар маңызды бастамаларды іске асыруда. Ауыл тұрғындарына арналған екі пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілетін болады. Сондай-ақ кәсіпорын 3 өндірістік базаны іске қосып, жана жұмыс орындарын ашуды жоспарлауда. Қазір шаруа қожалығының иелігінде күріш ақтау зауыты мен ет өңдеу цехы бар.

Күріш ақтау зауыты 5

жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна өнім өндуге қауқарлы, мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019 жылы ауылдық округке қарасты «Жанақоныс» елді мекенінде «Агролидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы ашылған.

Кәсіпорын тәулігіне 0,5 тонна ет өндіріп, 15 түрлі (тұшпара, манты, қазы, әсіп, бір асым ет және т.б.) өнім шығарады. Мұнда 8 адам жұмыс істейді.

Мұнан әрі облыс әкімі «Таң» ауылындағы күрделі жөндеуден өткен әлеуметтік нысандардың эскиздік жобаларымен танысты.

Серіктестіктің демеушілігімен мұнда балалар ойын алаңы мен кіші футбол алаңы салынып, жарықшамдар орнатылды. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың құрметіне «Тағзым алаңы» салынып, қазір жана спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Өткен жылы бір ғасыр бұрын салынған Әбдікәлі мешітінің ғимараты жөнделді.

Сапар соңында облыс әкімі ауылдағы жарықтандыруды қажет ететін көшелерді аралады. Жұмыстарды тиянақты орындап, нысандарды мерзімінде пайдалануға беруді тапсырды.

ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қызылордада жанадан салынған «Өнер орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева және комиссия мүшелері, белгілі қоғам қайраткерлері, өңірлерден келген делегациялар, облыстың зиялы қауымы, еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қызылордалықтарды жана нысанның ашылуымен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Азаматтарымыздың рухы арқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн» деген болатын. Сыр өңірі – шежіре тұнған, халықтың асыл мұралары сақталған алтын көмбелі мекен, қазақ театрының алғашқы қазығы қағылған жер. Аймағымыздың киелі сахнасынан мәдениет мейрамындағы мен өнер тарландары түледі.

Қызылордада осындай өнер ордасына қажеттілік заман үдерістері мен көрермен тағамына сәйкес туындады. Аз ғана уақыттың ішінде құрыш қолды құрылысшыларымыздың кәсіби шеберлігі арқасында көз алдарыңызда сәні мен сәулеті келіскен «Өнер орталығы» бой көтерді. Ғимараттың салтанатты ашылуын әйел-аналарымыздың құрметіне, Сыр сұлуларының мерекесіне арнаудамыз. «Өнер орталығы» еліміздің рухани қазынасын толтыруға, мәдениеті мен өнерін асқақтауға қызмет ете берсін!», – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада ҚР Мәдениет және

ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов сөз сөйледі.

Мұнан әрі қонақтар жана орталықты аралап, «Сыр өңірі өнер тұлғаларының экспозициялық картинасы» және «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің бесігі» атты көрмені тамашалады. Еске салсақ, 2022 жылдың қыркүйек айында Қызылордада 1000 келушіге арналған орталықтың іргетасы қаланды. Құны 3,7 млрд. теңгені құрайтын зәулім ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Айта кету керек, Сыр өңірінің мәдениет пен өнер саласында көптеген жағымды жаңалық бар. Мұнан дейін облыстық филармонияның құрамында ұлт аспаптар оркестрі, камералық оркестр жұмыс жасаса, концерттерді көрермен тағамына сай, кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну үшін тұңғыш рет симфония оркестрі құрылды. Облыстың мәдениет мекемелерінің мамандары Италия, Беларусь елдерінде біліктілігін арттырды. Алдағы уақытта Еуропадағы белгілі концерттік залдардың озық жетірілері енгізілмек.

Сырдың төрінде еліміздің барша аналарына арналған

перзент сыйы – «Анаға тағзым» орталығы, жас отбасылардың бақыт мекеніне айналған «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздар шығармашылығын шыңдап, өнерін насихаттауға арналған «Инклюзивті театр» құрылды. Бұған дейін 10 жылға жуық үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым болып өнер көрсетуде.

Елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленген шара сәуір айында Алматы қаласында да ұйымдастырылады.

Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бері тағайындалған «Тұран» сыйлығын табыстау дәстүрге айналды. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында «Жыраулар үйі» ашылады. Облыстық өлкетану музейінің құрылысы басталды. Жеті ауданда заманауи «Руханият орталықтары» салынууда. Жақын күндері балалар мен жасөспірімдерді өнерге баулып, шығармашылығын шыңдайтын «Шығармашылық академиясы» бой көтереді.

Форум делегаттары қала нысандарының жұмысымен танысты

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева Сыр еліне белгілі кәсіпкер, меценат Мараг Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынған «Анаға тағзым» орталығын аралап көрді. Заманауи үлгідегі орталық кыз-келіншектерге, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жаңғыртуға мол мүмкіндік беруде. Мұнда үй тұрмысын үйлестіруді және қонақ куту дағдыларын үйрететін, психологиялық көмек беретін кабинеттер бар. Сондай-ақ, шығармашы жандарға арналған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы, би орталығы, жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері қарастырылған.

Еске салсақ, өткен жылы Қызылордада «Анаға тағзым» орталығына қоса, отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында «Отбасы орталығы» да ашылған болатын. Бұл орталықта «Қазақы

қарашанырақ» идеологиясын дәріптеліп, рухани кемелденген жана буын қалыптастыруға жағдай жасалауда. Мұнда неке кино рәсімделіп ғана қоймай, жастардың жұбайлық өмірге бейімделуіне, денсаулығын сақтауына, жұмыспен қамтылуына, тұрғын үйге кезекке тұруына, ұлттық салт-дәстүрді сіңіруіне жәрдемдеседі. «Жастар денсаулығы», «Анаға тағзым», «Бақытты отбасы» орталықтары, «Отбасы банкі» келушілерге қызмет көрсетуде.

Айта кетейік, күні кеше Қызылордада «Анаға тағзым» республикалық Аналар форумы өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева, Парламент депутаттары, аталған комиссияның мүшелері, белгілі қоғам қайраткерлері, өңірлерден келген делегациялар, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, көп балалы аналар, ұстаздар, облыстың зиялы қауымы, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Қызылорда облысы – «Үздік мәдени өңір»



Көктемнің көркем мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Қызылордада мерекелік кеш өтті. Салтанатты іс-шараға Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева, комиссия мүшелері, белгілі қоғам қайраткерлері, өңірлерден келген делегациялар, облыстың зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйымдар қатысты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әйелдердің қоғамдағы рөлін кеңейте түсу – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі» деген болатын. Тәуелсіз Қазақстанның толағай табыстары мен Сыр өңірінің бүгінгі қол жеткен жетістіктерінің барлығында әйелдер-аналардың, қыз-келіншектердің қолтаңбасы бар. Ардақты аналарымыздың рухынан күш, ұлағатынан тәлім түйген аруларымыз экономикамыздың барлық саласында

табысты еңбек етіп келеді. Аймағымызда мемлекеттік қызметшілердің нақты саны 3233 адам болса, оның 1493-і немесе 46,2%-ы әйелдер, 36 мыңнан астам көп балалы аналардың 17 мыңнан астамы – алтын және күміс алқалы Бағыр аналар.

Құрметті аналар, қыз-келіншектер! Қоғам мен мемлекет дамуына белсене араласып, туған жеріміздің берекесін артуына, келбетінің көркеюіне әрдайым үлес қосып келесіздер. Сіздерге мың алғыс!», – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының «Үздік мәдени өңір» номинациясына Сыр өңірі лайық деп танылғаны жарияланып, ұйымның бас хатшысы Сұлтан Раев марапатты облыс әкіміне табыстады.

Ерекше атап өтетін жайт, бұл номинация «ТҮРКСОЙ» шеңберінде екі адамға ғана берілген. Оның бірі «Нобель» сыйлығының иегеріне, ал екіншісі танымал әнші Димаш Құдайбергента табысталған. Үшіншісі түркі руханиятының алтын қазығы қағылған Сыр өңіріне келді. Символикада алтын жалатылған пырақ

бейнеленген.

Бүгінде аймақтың мәдениет және өнер саласында жағымды жаңалық жетерлік. Осыған дейін өңірде «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» ашылып, халыққа қызмет көрсетіп келсе, бүгін 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың «Инклюзивті театр» құрылды, бұған дейін 10 жылға жуық үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» кәсіби ұжым болып өнер көрсетуде.

Елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленген шара сәуір айында Алматы қаласында да ұйымдастырылады.

Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бері тағайындалған «Тұран» сыйлығын табыстау дәстүрге айналмақ. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында «Жыраулар үйі» ашылады.

Облыстық өлкетану музейінің құрылысы басталды. Жеті ауданда заманауи «Руханият орталықтары» салынууда. Жақын күндері балалар мен жасөспірімдерді өнерге баулып, шығармашылығын шыңдайтын «Шығармашылық академиясы» бой көтереді.

Аймақ басшысының бастамасымен айтулы мерекелерде еліміздің, туған жеріміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына айрықша еңбек сіңірген тұлғаларға «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағы табысталады. Бұл дәстүр бүгін де жалғасын тауып, құрметті атақ белгілі композитор Рамазан Таймановқа берілді.

Сондай-ақ, Сыр өңірінің руханияты мен өнеріне ерекше үлес қосқан мәдениет мейрамындағы облыстың ең жоғары наградалы – Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Салтанатты іс-шара көңілді концерттік бағдарламамен аяқталды.

«Ел тілегі» ақпарат

МЕЙРАМБЕК ШЕРМАҒАНБЕТ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет Қазалы қаласына арнайы барып, әлеуметтік нысандарды аралады.

Аралату кезінде Қазалы аграрлы-техникалық колледжі, М.Горкий атындағы №16, Ғ.Мұратбаев атындағы №17, Қ.Нұрмаханов атындағы №95 мектептер мен «Ақерке» балабақшасының және «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығының жұмысымен танысты. Білім беру мекемелерінің жай-күйін көрген аудан әкімі ондағы кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріп, ең әуелі мекеме аумағындағы тазалық мәселесіне аса назар аудару керектігін ескертті.

Сонымен қатар қалада орна-

ласқан Мәдениет үйі, «Шипагер» дәрігерлік амбулаториясы, №18 Қазалы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі мен Ғанибай үйі, Қазалы конфет цехы, Қарасақал Ерімбет атындағы орталық саябақ, жеке спорт кешені, Ардагерлер алаңы мен Жастар үйі ғимараттарында аралады.

Қазалы қаласындағы республикалық санаттағы архитектуралық ескерткіштердің бірі – Ғанибай үйі. Халық арасында «Керуен сарайы» аталып кеткен бұл ғимаратқа реставрация жұмыстары жүргізіліп, қайта қалпына келтірілген болатын. Аудан әкімі тарихи маңызы жоғары мұндай ғимаратты бос қалдырмай пайдалану жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мейрамбек Зинабидің қала әкіміне ең бірінші әрбір мекеме мен нысандардың және қала аумағындағы жалпы тазалық жұмыстарын шұғыл қолға алып, қураған ағаштарды кесу, орнына қайта көшеттер отырғызу, істен шыққан жарықшамдарды қалпына келтіру, ағаш түттерін өңдеу, қоршаулар мен орындықтарды, жол белгілерін сырлау сынды басқада қаланы көркейтеу бағытындағы жұмыстарды орындауды тапсырды.



АЗАМАТТАР БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Биылдан бастап банк ұйымдары жеке кәсіпкерлердің мобилді аударымдары бойынша деректерді береді. Бұл жоба – жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталған. Тиісінше, үш ай қатарынан ай сайын 100 түрлі адамнан мобилді аударым алған азаматтар бақылауға алынады. Ал, екі ай 100 аударымнан көп төлем жасалып, арасында үзіліс жасалса не болмаса, 100 аударымға жетпейтін мөлшерде аударым болса тексеріс жүргізілмейді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің жауапты өкілдері хабарлады.

– Осы жылы жалпыға бірдей декларацияның үшінші кезеңі жүргізілуде. Бұл декларацияның заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырады. Декларацияда елімізде тіркелмеген шетелдегі жылжымайтын мүлік пен көлігі бар, шетелдік компаниядағы үлес, сонымен қатар бағалы қағаздар, цифрлық активтер,

инвестициялық алтын, тұрғын үй құрылысына қатысу туралы мәліметтер көрсетіледі. Жалпыға бірдей декларацияны «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталы, «eSalyc Azamat» мобилді қосымшалары арқылы тапсыруға болады. Айта кету керек, декларацияны тұрғылықты жеріңіз бойынша осы жылдың 15 қыркүйегіне дейін тапсыруыңыз тиіс, – деді облыстық мемлекеттік кірістер

департаменті басшысының орынбасары Еркін Елшібеков.

– Өздеріңіз білетіндей, осы жылдан бастап мобилді аударымдарға байланысты өзгерістер енгізілді. Осыған сәйкес, банктерден ақпараттың келіп түсуі кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ. Бұл ретте жеке тұлғалар өздерінің жеке максаттары үшін жасаған мобилді аударымдары қабылданады. Мұндай аударымдарды декларациялаудың қажеті жоқ. Өйткені бұл төлемдер жеке тұлғаның табысына жаппайды. Сөйкесінше, табыс алуға бағытталған аударымдар ғана декларациялауға жатады. Осыған байланысты кәсіпкерлерге кәсіпкерлік қызметке арналған шоттарға төлем қабылдауды ұсынамыз, – деді облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің камералдық мониторинг басқармасының басшысы Гүлнар Исаева.

ҚАЛАЛАРДЫ АБАТТАНДЫРУ, КӨГАЛДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында инвестицияларды қолдау және ынталандыру шараларының тиімділігі, қалаларды абаттандыру, көгалдандыру мәселелері қаралды.

Сонымен қатар, күн тәртібінен тыс Алматы қаласындағы жер сілкінісіне қатысты Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов қабылданған шаралар туралы баяндады. Бұл туралы Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров Үкіметтің алдына инвестиция тарту бойынша аумды міндеттер қойылғанын баса айтты. Инвестициялық жобалардың бірыңғай пулы аясында биыл республикада 2,3 трлн теңгенің 234 жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

Мәжілістен кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осы бағыттағы жұмыстарды

нақтылады. «Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңа инвестициялық кезеңді бастауды тапсырған болатын. Осыған байланысты, өңірдегі іске асырылу сатысындағы және алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобаларды сүйемелдеп, туындаған мәселелерді шешу, кедергілерді жою үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Биыл облысқа 517,5 млрд. теңге инвестиция тарту индикаторы бекітілді. Қантар айының қорытындысымен қаржыландырудың барлық көздерінен 40,2 млрд. теңге инвестиция тартылып, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 32,4%-

ға өсті», – деді аймақ басшысы. Айта кетейік, өңірде аумағы 525 гектар 6 индустриялық аймақ құрылып, оған 9,7 млрд. теңгеге инженерлік инфрақұрылым жүйелері тартылған. Бүгінде осы аймақтарда 30 жоба іске асуда. Бұдан бөлек, 22 жобаның құрылысы жүргізілуде. Дегенмен, 4 жоба уақытша тоқтаған, 5 жобаның жер телімдерін қайтару қажет. Ал, индустриялық аймақтар бойынша табысталған 525 гектар жердің қазір 206 гектары ғана иерілген. Мемлекет басшысы жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысын қорытындылап, әрбір министр мен өкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға береді. Нұрлыбек Машбекұлы осы салаға жауапты орынбасары Ардақ Зебесевке инвесторлар жобаларына шаң аясында барынша қолдау көрсетуді, нақты нәтиже беретін жұмыстарды қолға алуды тапсырды.

Қызылорда облысында мал ұрлығымен айналысқан қылмыстық топ ұсталды

Осы жылдың ақпан айында аудандық полиция бөліміне малдары ұрланған Әйтеке би кентінің тұрғындарының арыз түсті. Полиция қызметкерлері дереу жедел-іздістіру шараларына кірісіп, арам пияғыларын жүзеге асырған ұрыларды анықтады.

Тексеру барысында олардың 9 түйені далалық жерде жайылып жүрген жерінен атып, сойып алып кеткендігі белгілі болды. 24-30 жастағы қылмыстық топтың мүшелері ұсталып, бөлімнің уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Айтақ зат ретінде аңшы мылтығы мен оның патрондары, пышақтар, мал терісі алынды. Қазіргі таңда күдіктілерге қатысты ұрық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Полиция қызметкерлері күдіктілердің облыс аумағындағы басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеріп жатыр.

Қызылордада 18 жастағы жігіттер 2 тоннадан астам күріш ұрлаған

Қызылорда қалалық полиция басқармасының криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілдерімен жүргізілген іздістіру іс-шаралары аясында қала аумағында 110 қап, яғни 2 тоннадан астам күрішті ұрлаған қылмыстық топ ұсталды.

Оқиға 28 ақпан күні сағат 00:10 шамасында болған. Күдіктілердің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қоймасындағы ондестік теңгені құрайтын Лидер күрішін ұрлап жатқандығы камераға түсіп қалған. Жедел уәкілдердің кәсібилігі мен жедел әрекеттерінің нәтижесінде 18 жастағы қылмыстық топтың төрт мүшесі ұсталып, басқарманың уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Қазіргі таңда күдіктілерге қатысты ұрық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр.

ЖҮК КӨТЕРГІШ МЕХАНИЗМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қауіпті өндірістік объектілер үшін, оның ішінде құрылыс алаңдарындағы құрылыс крандарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №359 бұйрығымен бекітілген «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидаларына, қызмет мерзімін ұзарту мәніне жүк көтергіш механизмдерге техникалық куәландыру және сараптама жүргізу бойынша бекітілген нұсқаулықтарға және басқада нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік — физикалық және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – қауіпті объектілердегі оқыс оқиғалар мен авариялардың алдын алу және болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті мамандардың болуы да ықпал етеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі – басқарушылық шешімдердің, нормалар мен рәсімдердің құрылымданған жиынтығы, солар арқылы тәуекелдерді болдырмау

және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау қызметі жүзеге асырылып, дамиды. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі қауіпсіздіктің техникалық және ұйымдық қамтамасыз етілуін қамтиды және функционалдық деңгейде нақты жағдайларда жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын сақталғанда құрал-жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты өндірістік бақылау жүргізу қауіпті өндірістік объектілері бар әрбір ұйымның негізгі бағыты. Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне әсер ететін

жағдайларды және бұзушылық себептерін айқындау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау міндеттері болып табылады.

Осы орайда құрылыс алаңдарында және өндірісте авариялардың алдын алу және болдырмау мақсатында, «Елдің құрылыс объектілерінде өндірістік жаракаттанудың алдын алу және жүк көтергіш механизмдерінің (мұнара крандары) операторларымен байланысты өлім жағдайларын азайту жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы» бекітілген болатын. Осыған байланысты Жол картасында көрсетілген іс-шаралар негізінде ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен тиісті жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда 2023 жылы департаментте, жергілікті атқарушы органдардың алаңында жүк көтергіш крандарды қолдана отырып құрылыс жұмыстарын жүргізетін кәсіпкерлік субъектілерімен, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу құқығына аттестатталған, қызмет мерзімін ұзарту мәніне жүк көтергіш механизмдерге техникалық куәландыру және сараптама жүргізетін ұйымдармен кездесулер ұйымдастырылып өнеркәсіптік

қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілер бойынша түсіндірмелер жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жүк көтергіш механизмдерде жұмыс істеу кезінде қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтау мәселелері бойынша мақалалар жарияланды және «Qyzylorda» телеарнасының «Қайырлы күн, Қызылорда!» телеарнасына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы және жүк көтергіш механизмдер бойынша тікелей эфирде сұхбаттар берілді. Департамент қызметкерлерімен Қызылорда қаласы аумағында жүргізіліп жатқан құрылыс объектілерінде жүк көтергіш механизмдермен жұмыс жасау барысында өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтау бойынша түсіндірулер жүргізіліп, брошюралар таратылды.

Осы жұмыстардың нәтижесінде 2023 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құрылыс алаңдарында құрылыс крандарының құлауына байланысты оқиғалар тіркелген жоқ. Алдағы уақытта Департамент тарапынан бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

Сонымен бірге қауіпті техникалық құрылыстардың, яғни жүк көтергіш механизмдерді және жүк көтергіш механизмдерді жалға алып пайдаланушы ұйымдардың басшылары құрылыс

алаңдарында және басқада өндіріс алаңдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңын, «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын» және т.б. қолданыстағы заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, мынадай іс-шараларды тұрақты түрде жүзеге асырып отыру қажет:

- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің техникалық жағдайына бақылауды күшейту;
- құрылыс объектілеріндегі жүк көтергіш механизмдерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу;
- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің нормативтік қызмет ету мерзімінің өтуіне байланысты экспертиза жүргізуі қатан бақылауға алу;
- жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың практикалық және теориялық білімдерін үнемі жетілдіріп отыру;
- ұйымдағы қауіпті өндірістік нысандардағы технологиялық топтап қалу, апаттық жағдайдың алдын алу, хабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою;
- ұйым еңбеккерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі бойынша дайындығын ұйым-

дастыру, тексеру, аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсартуға және үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға келтірілетін зияндарды болдырмауға бағытталған шараларды әзірлеу;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында авариялар, қақтығыстар, технологиялық іркілістерді алдын ала ескертуге және оларды оқшаулау мен жоюға бағытталған жұмыстардың координациясы;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында қолданылатын тәжірибелер өткізуге, техникалық қондырғылар, энергетикалық жабдықтар, жөндеу және өлшеу бақылау құралдарына уақытылы бақылау;
- технологиялық тәртіпті сақтауды үнемі бақылауға ұстау және т.б.

Осы аталған талаптарды өндірістік қауіпсіздік объектілері бар кез - келген ұйым уақытылы орындап, бақылауға ұстап отырса кез-келген уақытта оқыс оқиғалар мен авариялардың алдын алуға, сонымен қатар ең біріншіден адам өмірін сақтап қалуға зор ықпалын тигізетін болады.

**А.Д.АКИМНИЯЗОВ,
ҚР ТЖМ ӨҚК Қызылорда облысы бойынша Департаментінің бөлім басшысы**

ЖОБА

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7232 болып тіркелген) сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақорған ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2024 жылғы « » № қаулысына қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлері

№	Тұрғынжайдың мекен-жайы	Айына бір шаршы метр үшін төлемақы мөлшері (тенге)
1	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №84/1	116,5
2	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №84/2	116,5
3	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №86/1	116,5
4	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №86/2	116,5
5	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №88/1	116,5
6	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №88/2	116,5
7	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №90/1	116,5
8	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №90/2	116,5
9	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №92/1	116,5
10	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №92/2	116,5
11	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №94/1	116,5
12	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №94/2	116,5
13	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №96/1	116,5
14	Жаңақорған кенті, Төлеген Бердибаев көшесі №96/2	116,5
15	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №81/1	116,5
16	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №81/2	116,5
17	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №83/1	116,5
18	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №83/2	116,5
19	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №85/1	116,5
20	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №85/2	116,5
21	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №89/1	116,5
22	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №89/2	116,5
23	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №91/1	116,5
24	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №91/2	116,5
25	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №93/1	116,5
26	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №93/2	116,5
27	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №95/1	116,5
28	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №95/2	116,5

29	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №97/1	116,5
30	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №97/2	116,5
31	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №102/1	116,5
32	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №102/2	116,5
33	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №104/1	116,5
34	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №104/2	116,5
35	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №106/1	116,5
36	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №106/2	116,5
37	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №108/1	116,5
38	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №108/2	116,5
39	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №110/1	116,5
40	Жаңақорған кенті, Пархат Оргараев көшесі №110/2	116,5
41	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №99/1	116,5
42	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №99/2	116,5
43	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №101/1	116,5
44	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №101/2	116,5
45	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №103/1	116,5
46	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №103/2	116,5
47	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №105/1	116,5
48	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №105/2	116,5
49	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №107/1	116,5
50	Жаңақорған кенті, Үсен Дүйсенов көшесі №107/2	116,5

ПРОЕКТ

Об установлении размеров платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда

В соответствии с пунктом 1 статьи 97 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 26 августа 2011 года № 306 «Об утверждении Методики расчета размера платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 7232), акимат Жаңақорғанского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить размер платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жаңақорғанского района.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность ФИО

Приложение к постановлению акимата Жаңақорғанского района от « » 2024 года №

Размер платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда

№	Адрес жилища	Размер платы за один квадратный метр в месяц (тенге)
1	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №84/1	116,5
2	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №84/2	116,5
3	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №86/1	116,5

4	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №86/2	116,5
5	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №88/1	116,5
6	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №88/2	116,5
7	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №90/1	116,5
8	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №90/2	116,5
9	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №92/1	116,5
10	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №92/2	116,5
11	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №94/1	116,5
12	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №94/2	116,5
13	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №96/1	116,5
14	поселок Жаңақорған, улица Төлеген Бердибаев №96/2	116,5
15	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №81/1	116,5
16	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №81/2	116,5
17	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №83/1	116,5
18	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №83/2	116,5
19	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №85/1	116,5
20	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №85/2	116,5
21	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №89/1	116,5
22	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №89/2	116,5
23	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №91/1	116,5
24	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №91/2	116,5
25	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №93/1	116,5
26	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №93/2	116,5
27	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №95/1	116,5
28	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №95/2	116,5
29	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №97/1	116,5
30	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №97/2	116,5
31	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №102/1	116,5
32	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №102/2	116,5
33	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №104/1	116,5
34	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №104/2	116,5
35	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №106/1	116,5
36	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №106/2	116,5
37	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №108/1	116,5
38	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №108/2	116,5
39	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №110/1	116,5
40	поселок Жаңақорған, улица Пархат Оргараев №110/2	116,5
41	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №99/1	116,5
42	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №99/2	116,5
43	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №101/1	116,5
44	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №101/2	116,5
45	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №103/1	116,5
46	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №103/2	116,5
47	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №105/1	116,5
48	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №105/2	116,5
49	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №107/1	116,5
50	поселок Жаңақорған, улица Үсен Дүйсенов №107/2	116,5

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ

Қызылорда облыстық сотында «Сот отырысын өткізу тәртібі және мәдениеті» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Оған облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары қатысты. Шараны судья әдебі жөніндегі комиссия төрағасы С.Жұманбаев ашып, судья әдебінің нормалары сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьяның мінез-құлқының міндеті қағидаларын белгілейтінін атап өтті. Қызылорда облыстық сотының судьясы К.Қаниева сот процесін жүргізу кезіндегі мәдениет тақырыбында баяндама жасады.

Сонымен қатар, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы М.Тоғызбаева, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы И.Тұңғышбаев сот отырысында судья әдебін сақтаудың маңыздылығы туралы айтып өтті.

Семинар-тренингте Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты Ж.Исаева арнайы келіп, сот процесінде сөйлеудің мәдениеті мен әдебі мәселелері бойынша баяндама жасады. Шара соңында судья әдебінің талаптарын қатаң сақтау керектігі айтылды.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТКІЗІЛДІ

Алғыс айту күніне орай, Қызылорда облыстық сотында Судьялар Одағының Қызылорда облыстық филиалы және Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің Өлеп жөніндегі уәкілінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өткізілді.

Шараны Департамент басшының орынбасары, Өлеп жөніндегі уәкілі М.Асанова ашып, сот ұжымын алғыс айту күнімен құттықтап, мерекенің маңыздылығын, бұл елдегі тыныштық пен ынтымақтың, қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен ыстық ықыласын білдіретін күн екенін атап өтіп, сот жүйесінде қызмет атқарып келе жатқан әрбір қызметкерге алғысын білдірді.

Мерекелік шараға Қазақстан Республикасы Психологтар Одағының мүшесі, психолог, ментор, тренер, спикер-мотиватор, интуитивті практик кенешші Н.Аймаханова арнайы келіп, сот қызметкерлерімен психологиялық тренинг өткізіп, ұжымдағы ауызбіршілік, татулық пен бірлік, әріптестік қарым-қатынасты нығайтудың алғышарттарын қамтитын техникаларды көрсетіп, сергіту ойындарын өткізіп, мотивациялық бейнероликтер көрсетті.

Шара соңында Алғыс айту күнінде сот ұжымына келіп, танымдық тренинг өткізген үшін психолог Н.Аймахановаға Алғыс хат табысталды.

6 МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ БЕКІТТІ

Қармақшы аудандық сотында екі күнде қарыз өндіру туралы 6 азаматтық іс медиация тәртібімен аяқталды. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау барысында тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келгендерін көрсеткен. Аталған келісімдер бойынша жауапкерлер қарыз ақшаны ай сайын бөліп төлеуге міндеттенді. Талап қоюшылар талаптарынан бас тартып, дауды медиация тәртібіне реттеу туралы келісім жасалуына байланысты азаматтық істерді тоқтатуды сұраған. Соттың ұйғарымдарымен тараптардың араларындағы жасалған медиациялық келісімдер бекітіліп, аталған істер бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

СЕМИНАР САБАҒЫ ӨТКІЗІЛДІ



Қызылорда облыстық сотында «Қылмыстық құқық және процесс», «Әкімшілік құқық бұзушылық және процесс» секциялары бойынша семинар сабағы өткізілді. Оған Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары қатысты. Семинарда алқа төрағасы Ж.Бекжанов ашып, қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктерін атап өтті.

Шнелі аудандық сотының судьясы А.Жолдыбаев алаяқтық қылмыстық істерді қараудың сот тәжірибесіне тоқталып, статистикалық мәліметтерді келтірді. Сонымен қатар, Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы К.Еспенбетова сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерді қараудың сот тәжірибесі туралы, Арал аудандық сотының судьясы Б.Керуенбаев салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөнінде баяндама жасады.

Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы Қ.Абуллаев қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылуын көтеріп, бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазасының мерзімдерін іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босату, сонымен қатар, жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру ерекшеліктеріне тоқталды. Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘКБтК-нің 610-бабының 3-бөлігіндегі азамат Б.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Сотта анықталғандай, Б. мотокөлік басқаруға құқығы жоқ бола тұра, «Б» мотокөлігінде азаматша С-ның басқаруындағы «Н» маркалы автокөлігіне соғып, жобірленушіге мүліктік залал келтірген.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Сот қаулысымен Б. жоғарыда аталған бапмен кінәлі деп танылып, оған 144 900 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының қамелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен сотталушы Б.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы Б. өзіне бұрын соңды таныс емес жобірленуші Д.-ы көріп, бұзақылық иеті туындап, оны өзіне қарай шақырып, болмашы себепті желуді етіп, сот құлақ шетінен оң қолының жұдырығымен бір мәрте соққы жасаған.

Сотталушының кінәсі сот отырысында толық дәлелденді, ол қылмыстық әрекетінің саралануымен, тағайындалатын жазаның түрі мен мөлшерімен толық келісті. Сотталушы Б. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық істер бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді қолдану аясын одан әрі кеңейту және оңайлатылған тәртіпте қаралатын істер бойынша заңнаманың қолданылуын зерделеу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Текетаев, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының, өңіраралық заң консультанттары палатасының, облыстық жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының, «КМФ» микроқаржылық ұйымының облыстық филиалының, «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының №20 филиалының, «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамының облыстық филиалының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Текетаев ашып, азаматтық істерді қарауда оңайлатылған іс жүргізуді қолдану аясын кеңейту керектігіне тоқталды.

Қалалық соттың судьясы М.Ақынбек «Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер, іс жүргізу тәртібі» тақырыбында баяндама жасап, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен істерді қарау даудың тезірек шешімін табуға, тараптардың уақытын үнемдеуге ықпал ететінін атап өтті.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Б.Елшібеков істерді оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараудың ерекшеліктерін баяндады. Шара соңында дөңгелек үстелге қатысушылар өзара пікір алмасты, ұсыныстарын білдірді.

ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН АЯҚТАЛДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 73-бабы 1-бөлігі бойынша азамат С.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азамат С. алкогольдік мас күйде өзінің әйелі жобірленуші С.-ға былайтып сөйлеп, ар-намысына тиетін сөздер айтып, мазасын алып, сыламаушылық білдіріп, тыныштығын бұзып, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаған. Сот отырысында құқық бұзушы С. кінәсін мойындап, әрекетіне өкініп, жобірленушіден кешірім сұрады. Жобірленуші С. өзінің жолдасына кешірім беріп, істі тоқтатып, оны жауаптылықтан босатуды сұрады.

Сот қаулысымен құқық бұзушы С. тараптардың татуласуына байланысты әкімшілік жауаптылықтан босатылды, іс өндірістен тоқтатылды.

Сенім телефоны

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.

Қазыбеков Ақылбек Қазыбекұлы

Қармақшы аудандық сотының судьясы

Рүстемов Сәбит Нем



4.03-10.03.2024

Тоқты (21 наурыз – 20 сәуір). Алтаның алғашқы күндері қызықты жаңалықтарға толы болмақ...



Торпақ (21 сәуір – 21 мамыр). Демалыс күндеріңіз барынша қызықты әрі сәтті өтпек...



Егіздер (22 мамыр – 21 маусым). Осы аптада барынша жақсы жағандықтан көрінесіз...



Шаян (22 маусым – 22 шілде). Апта басы шаяндар үшін таныстық аясын кеңейтетін және шақырған жерден қалмаудың маңызын түсіндіреді...



Арыстан (23 шілде – 23 тамыз). Туыстарыңыздың ескі суреттерін қалпына келтіріңіз...



Бикеш (24 тамыз – 22 қыркүйек). Асықпаңыз, барлығына бірден қол жеткізбейсіз...



Таразы (23 қыркүйек – 22 қазан). Таразылардың еңбекке құлшынысы артады...



Сарышаян (23 қазан – 21 қараша). Апта басын ой-өрісіңізді дамытуға, жеке тірліктеріңізді шешуге...



Мерген (22 қараша – 21 желтоқсан). Ерекше белсенділігіңіз өзіңізге келдері жасайды...



Тауешкі (22 желтоқсан – 20 қаңтар). «Бір қиындықтың артынан екі жақсылық күт» демекші...



Сүкүйгіш (21 қаңтар – 19 ақпан). Достарыңыздың арасында ештеңені сезіне қоймасаңыз да...



Балықтар (20 ақпан – 20 наурыз). Алтаның алғашқы күндері өзіндік жайсыз, ешкімге керек емес...



ЕМХАНА «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕУІ КЕРЕК

Қызылордалықтарға «Q-MED» емханасы толық адамдарға арналған аймақтағы жалғыз MRT аппараты және басқа да диагностикалық құрылғыларымен жақсы таныс...

- Асылбек Шырынбайұлы, емхананың құрылу тарихына тоқталып өтсеңіз? - Емхана «Q-MED company group» серіктестігінің бастамасымен...

тексеруге көрсеткіштер болса, науқастың КТ, МРТ, ФГДС, ЭКГ, ЭЭГ, жүрек УДЗ, Холтер мониторингінен өтуге мүмкіндігі бар...



Біз сапалы медициналық қызмет пен тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталғанбыз. Емхана «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді...



ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНДІ


Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 73-1-бабы 1-1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін құқық бұзушы К-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды...

СОТ МҰРАНЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

Арал аудандық сотында азамат Ш.-ның мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді қалпына келтіру туралы арызы бойынша азаматтық іс қаралды...

РАДИЦИАЛЫҚ АХУАЛДЫ ТЕКСЕРУ АКТІСІ

21.02.2024 ж.



- Комиссия мүшелері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық Сараптама Орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК Қызылорда облысы Шиелі аудандық бөлімшесінің Радиациялық зертхана маманы Туленова Қарашап Бейсенбайқызымен «РУ-6» ЖШС-тің Радиациялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің техник-дозиметристері Қожахметов Асанхан Батталұлы және Күздебаяв Бекжан Үсенұлының қатысуымен Шиелі ауданы бойынша, табиғи гамма сәулесінің тиімді доза қуатымен, пайдаланылып жүрген ғимараттардағы радионның енішлес өнімдерінің (әрі қарай - ЕӨ) ауадағы эквивалентті тепе-тең көлемді белсенділігіне (әрі қарай - ЭТКБ) тексеру жүргізілді.